

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің1беті

Силлабус
«Фтизиатрия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
Білім беру бағдарламасы 6B10120 «Терапия»

1	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: Fti6310	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: Фтизиатрия	1.7	Курсы: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: Визуалды диагностикасы	1.8	Семестр: 11
1.4	Реквизиттен кейінгі: ЖТД-гі ішкі аурулар	1.9	Кредит саны (ECTS):3
1.5	Циклі: БнП	1.10	Компонент: МК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)		
Туберкулезбен ауыратын науқастарды анықтаудағы терапевт дәрігердің рөлі; туберкулезді анықтау және диагностикалау әдістері; Өкпенің әртүрлі туберкулездік зақымдануының сараланған диагностикасы; лабораторлық-аспаптық зерттеу әдістері және олардың нәтижелерін талдау; халықаралық стандарттарды ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі қағидаттары мен әдістері; туберкулез ошақтарындағы профилактикалық шаралар; туберкулезге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру; науқастармен тиімді қарым-қатынас; есеп – тіркеу құжаттарын толтыру бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастырады			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Фтизиатрия бойынша өкпе және өкпеден тыс туберкулездің эпидемиологиясы, клиникасы, диагностикасы мен емдеуінің заманауи қағидаттарын, сондай-ақ туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру негіздерін ескере отырып, бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде туберкулезбен ауыратын науқастарды ерте анықтау, диагностикалау, бағыттау және мониторинг жүргізу үшін қажетті базалық білім мен клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1	Туберкулездің қауіп факторлары мен эпидемиологиялық анамнезін ескере отырып, шағымдар мен анамнезді жинайды; өкпе туберкулезіне және өкпеден тыс туберкулез түрлеріне күдік болған пациенттерге физикальды тексеру жүргізеді; туберкулез инфекциясына тән клиникалық симптомдар мен синдромдарды талдайды; жетекші клиникалық синдромды анықтап, синдромға ұқсас аурулар шеңберін белгілейді; туберкулез және туберкулезге ұқсас жағдайлардың негізделген алдын ала диагнозын қалыптастырады.		
ОН2	Туберкулезге күдік болған жағдайда диагностикалық тексеру жоспарын құрып, оның нәтижелерін интерпретациялайды, дифференциалды диагностика жүргізеді және дәлелді медицина қағидаттарына негізделе отырып клиникалық диагнозды тұжырымдайды.		
ОН3	Туберкулезді емдеуді жоспарлайды және жүргізеді, клиникалық хаттамаларға сәйкес ем тиімділігін мониторингтеуді, емді түзетуді және пациентті бағыттауды (маршрутизацияны) жүзеге асырады.		
ОН4	Туберкулезбен және туберкулезге ұқсас аурулары бар пациенттерде дамидын жедел және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда (қан түкіру, өкпеден қан кету, жедел тыныс жеткіліксіздігі, интоксикациялық синдром және т.б.), соның ішінде ресурстар шектеулі		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы			70/11
Силлабус			46беттің2беті

	жағдайларда, шұғыл медициналық көмек көрсетеді; эпидемияға қарсы іс-шараларды қамтамасыз етеді және пациентті мамандандырылған фтизиатриялық мекемелерге уақтылы госпитализациялау мен бағыттауды ұйымдастырады.	
ОН5	Туберкулезбен ауыратын пациенттермен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен, тиімді және пациентке бағдарланған өзара әрекеттеседі; сенімді қарым-қатынас қалыптастырып, емге бейімділікті және салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырады.	
ОН6	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау шараларын жүзеге асырады, инклюзивті денсаулық сақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік мәселелерін қамти отырып, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.	
ОН7	Туберкулезбен ауыратын пациенттердің медициналық (оның ішінде электрондық) құжаттамасын жүргізеді, цифрлық технологияларды қолданады; аналитикалық тәсілді пайдалана отырып, клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады.	
ОН8	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді, нормативтік-құқықтық құжаттарды және медициналық көмектің әртүрлі деңгейлерінде фтизиатр дәрігерінің жұмыс қағидаттарын біледі; дәлелді медицинаны қолданады және командасының кәсіби дамуына қатысады.	
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері
	ОН1	ОН1 Шағымдары мен анамнез жинауды, физикальді тексеруді жүргізеді, симптомдар мен синдромдарды талдайды, негізгі клиникалық синдромдарды және синдромдары ұқсас аурулар тобын бөледі, болжам диагнозды құрастырады
	ОН2	ОН2 Диагностикалық зерттеудің жеке жоспарын құрастырады, зертханалық-аспаптық зерттеу нәтижелерін талдайды, жиі таралған терапиялық аурулардың диагностикасын және дифференциальді диагностикасын жүргізеді, клиникалық ойлау мен дәлелді медицина принциптеріне сүйене отырып клиникалық диагноз құрастырады.
	ОН3	ОН 3 Емдеудің жеке жоспарын құрастырады, стандарттар мен клиникалық хаттамаларға сәйкес фармакотерапияны дәрілік заттардың өзара әрекеттесуі мен қарсы көрсетілімдерін ескере отырып тиімді тағайындайды, динамикалық бақылау жүргізеді, науқасты бағыттауға және еміне түзетулер енгізеді
	ОН4	ОН 4 Жедел жағдайларда, өмірге қауіп төндіретін күйлерде, сонымен қатар, шектеулі ресурстар жағдайында (санитарлық және авиациялық медицинаны бірге қарастыра отырып), шұғыл медициналық көмек көрсетеді, уақтылы ауруханаға жатқызуды ұйымдастырады.
	ОН5	ОН 5 Пациентпен, оның ішінде, мүмкіншіліктері шектеулі пациентпен, тиімді байланыс жасайды, сенімділік қарым-қатынас қалыптастырады, инклюзивті және пациентке бағытталған тәсілді қолданады, ем қабылдауға және салауатты өмір сүруге ынтасын арттырады.
		ОН6 Созылмалы ауруларды ерте анықтау мен профилактикасын, санитарлық-ағарту, соның ішінде, инклюзивтік денсаулықсақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік сұрақтары бойынша жұмыстарды жүзеге асырады.
		ОН 7 Медициналық құжаттарды (соның ішінде тәлімгердің бақылауымен, электронды құжаттарды) жүргізеді, қазіргі заманауи сандық технологияларды

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің3беті

	және жасанды интеллект элементтерін қолданады; аналитикалық және зерттеушілік тәсілдерді қолдана отырып клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады					
	ОН8 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау аймағына қатысты құқықтық және ұйымдастырушылық құжаттар аясында жұмыс жасайды, нормативтік құжаттарды және терапевтің медициналық көмек көрсетудің әртүрлі деңгейлеріндегі қызмет істеу принциптерін біледі, дәлелді медицина принциптерін қолданады және кәсіби даму мен ұжым мүшелерін оқытуға қатысады.					
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Шымкент қаласы, Орынбаев көшесі 68, Облыстық Фтизиопульмонология орталығы					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Лабор.саб.	ОБӨЖ	БӨЖ
		-	30с	-	9с	51=42+9
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы		Электронды адресі		
1.	Сергазина А.О.	М.Ғ.К., доцент м.а.		a.o.sergazina@mail.ru		
2.	Серхожаева Т.Х.	ассистент		talshinserh@mail.ru		

8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/кү н	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы/әдістері	Бағалау әдістері/формалары
1	Дәрістер қарастырылмаған					
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Қазақстан Республикасында туберкулезге қарсы күресті ұйымдастыру. Туберкулездің алдын-алу әдістері. Контингенттерді диспансерлік бақылау. Ересектер мен балалардағы туберкулездің рентгендік диагностикасы.	Интеграцияланған туберкулезге қарсы стратегия. Туберкулез дамуының қауіп факторлары. Диспансерлердің жалпы медициналық мекемелермен, қоғамдық денсаулық сақтау мекемелерімен және мемлекеттік органдармен жұмысының түрлері мен әдістері. Туберкулез инфекциясы ошақтарының жіктелуі. Туберкулез инфекциясы ошақтарындағы эпидемияға қарсы	ОН1 ОН2 ОН3	4	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациялық есептерді шешу. Рентген-суреттерін интерпрета

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің4беті

		жұмыс. Туберкулездің алдын-алу әдістері. Диспансерлік бақылау топтары контингенттері.Рентгенологиялық зерттеу әдістері, олардың туберкулезді диагностикалаудағы ақпараттылығы. Өкпе ауруларындағы негізгі радиологиялық синдромдар.				циялау чек-парағы да.
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы: Эпидемияғақарсы іс-шаралар, оларды халықтың әртүрлі топтары арасында жүргізу ерекшеліктері. Контингенттерді диспансерлік бақылау.	Қарсыіндеттік іс-шаралар — жұқпалы аурулардың алдын алу және оларды жоюға бағытталған шаралар (вакцинация, науқастарды оқшаулау, дезинфекция). Ерекшеліктері: Балалар — ұжымдарда бақылау; Жұмыс істейтіндер — медициналық тексерулер және санитарлық бақылау; Қарттар мен созылмалы аурулары бар адамдар — тұрақты бақылау; Өлеуметтік жағынан қолайсыз топтар — ауруларды белсенді анықтау және медициналық көмектің қолжетімділігі. Диспансерлік бақылау — белгілі бір топтар денсаулығын (балалар, жүкті әйелдер, созылмалы аурулары барлар, инфекциялық аурулармен байланыста болғандар) тұрақты	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1/6	Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс	Чек-парақтар: — Төсек жанында практикалық дағдыларды бағалау — Медициналық құжаттама ны жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің5беті

		тексеріп отыру; бұл ауруларды ерте анықтауға және асқынулардың алдын алуға көмектеседі.				
2	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Халықаралық стандарттарды ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі принциптері мен әдістері. Туберкулезге қарсы препараттар. Туберкулезді емдеу критерийлері. ТМБ дәріге төзімділігі	Сақталған сезімталдықпен және дәрілік тұрақтылықпен жүретін белсенді туберкулезді емдеудің қағидалары мен әдістері. Қарсытуберкулездік дәрілік заттардың жіктелуі. Сезімталдығы сақталған және дәріге тұрақты белсенді туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің нәтижелері. Туберкулезден айыққаннан кейін өкпеде қалатын қалдық өзгерістер. Қарсытуберкулездік препараттардың жанама әсерлері, олардың алдын алу және жою тәсілдері.	ОН1 ОН2 ОН5	4	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациялық есептерді шешу. Рентген-суреттерін интерпретациялау чек-парағы да.

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің6беті

	ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы: Халықаралық стандарттарды ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі принциптері мен әдістері	Халықаралық стандарттарды ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі принциптері мен әдістері. Туберкулезбен ауыратын науқастардың, емдеу схемасы.Туберкулезге қарсы препараттар. Дәріге тұрақты туберкулездің түрлері.	ОН1 ОН2 ОН4 ОН5	1/6	Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс RBL	Чек-парақтар: — Төсек жанында практикалық дағдыларды бағалау — Медициналық құжаттама ны жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау RBL чек-парағы – ғылыми мақалаларды талдау
3	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Біріншілік туберкулез. Диагностикасы, дифференциалды диагностикасы . Диссеминирленген туберкулез. Туберкулезды менингит . Клиникасы, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы және емі.	Бастапқы туберкулездің патогенезі. Балалар мен жасөспірімдердегі туберкулездің интоксикациясы. Бастапқы туберкулез кешені. Кеуде ішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі.Бастапқы туберкулездің патоморфологиясы. Туберкулездің бастапқы түрлерінің асқынуы. Диагностика, дифференциалды диагноз, ЖТД тактикасы.	ОН1 ОН2 ОН3	5	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациялық есептерді шешу. Рентген-суреттерін интерпретациялау чек-парағы да.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		466беттің7беті

	ОБӨЖ/БӨЖ: БӨЖ тапсырмасы: Бастапқы туберкулез. Дифференциалды диагностикасы.. Диссеминерленген туберкулез. Дифференциалды диагностикасы..	Бастапқы туберкулез: Көбінесе балаларда, алғашқы жұқтырудан кейін кездеседі. Локалды процесс, кеуде ішіндегі лимфа түйіндерінің зақымдануы. Рентгенде — бастапқы комплекс (очаг + лимфа түйіндері). Диссеминденген туберкулез: Кез келген жаста, иммунитет төмендегенде пайда болады. Екі өкпеде бірнеше ошақтар, басқа мүшелердің зақымдануы мүмкін. Рентгенде — «электр үгіндісі» тәрізді кішкентай ошақтар. Негізгі айырмашылық: бастапқыда — локалдылық, диссеминденгенде — көп ошақты таралау	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5	1/6	Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс RBL	Чек-парақтар: — Төсек жанында практикалық дағдыларды бағалау — Медициналық құжаттама ны жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау RBL чек-парағы – ғылыми мақалаларды талдау
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Ошақты, инфильтративті туберкулездің, казеозды пневмонияның және өкпе туберкулемасының клиникасы, дифференциалды диагностикасы және емі.	Туберкулез инфекциясының қайталама кезеңінің ерекшеліктері. Ошақты, инфильтративті туберкулез бен казеозды пневмонияның және туберкулеманың клиникалық рентгенологиялық формалары. Туберкулездің түрлері. Туберкулездің қайталама формаларының диагностикалық әдістері	ОН1 ОН2 ОН4	4	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациялық есептерді шешу.

		және дифференциалды диагностикасы. Емдеу және нәтижелері.				Рентген-суреттерін интерпретациялау чек-парағы да.
	ОБӨЖ/БӨЖ: БӨЖ тапсырмасы: Ошақты, инфильтративті туберкулездің, казеозды пневмонияның және өкпе туберкулемасының рентгеносемиотикасы	Милиарлы, жедел, жеделдеу, созылмалы диссеминарленген туберкулез және әртүрлі этиологиялы диссеминацияның рентгенологиялық көрінісі.	ОН1 ОН2 ОН5	2/6	Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс Аралық бақылау-1 арналған тест тапсырмаларын шешу	Чек-парақтар: — Төсек жанында практикалық дағдыларды бағалау — Медициналық құжаттама ны жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау Тестілеу
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Өкпе туберкулезінің деструктивті түрлерінің клиникасы, диагностикасы, дифференциалды диагностикасы және емі. Тыныс алу жолдары туберкулезі кезіндегі қауыпты жағдайлары.	Кавернаның патогенезі. Кавернозды, фиброзды-кавернозды және циррозды өкпе туберкулезінің клиникалық көріністері, диагностикалық әдістері, дифференциалды диагностикасы, емі және нәтижелері. Өкпе туберкулезінің қауыпты жағдайларын анықтау. Өкпеден қан	ОН1 ОН2 ОН5	4	Сабақ тақырыбын талқылау Берілген рентген суреттерімен жұмыс	Чек-парақ бағалау: ауызша сұрақ-жауап, тест тапсырмаларын шешу, жағдайлық тапсырмаларды шешу Рентген суреттерін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің9беті

	Олардың диагностикасы және жедел көмек.	кету, анықтау жолдары, қан кету көзі. Өкпеден қан кету кезіндегі науқасты жүргізу тактикасы. Спонтанды пневмоторакс, даму механизмдері, түрлері. Анықтау жолдары.Емі және нәтижелері.			Тәжірибелік дағдыларды жетілдіру	интерпретациялау чек-парағы Тәжірибелік дағдыларды меңгеру және ТДО кабинетіндегі симуляциялық жаттығулар арқылы оқыту чек-парағы
	ОБӨЖ/БӨЖ: БӨЖ тапсырмасы: Өкпе туберкулезінің деструктивті түрлерінің рентгеносемиотикасы. Тыныс алу органдарының туберкулезі кезіндегі өкпе-жүрек жеткіліксіздігі	Өкпе туберкулезінің деструктивті формаларының рентгеносемиотикасы Деструкция — инфильтраттардың ыдырауынан кейін өкпеде қуыстардың түзілуі. Рентгендік белгілері: Қуысы бар ыдыраған ошақтар, қабыну тіндерімен қоршалған. Бронхтардың обтурациясы, қуыстар қабырғаларының қалыңдауы. Сегменттік немесе доялық зақымданулар, көбінесе жоғарғы дояларда. Қуыс айналасында инфильтрациялық ошақтар болуы мүмкін, фиброз және өкпе тінінің деформациясы. Өкпе-жүрек жеткіліксіздігі туберкулезде:	ОН1 ОН2 ОН5	1/6	Презентациялар дайындау Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс	Презентацияны дайындау және қорғау чек-парағы Чек-парақтар: төсектік жанында практикалық дағдыларды бағалау Медициналық құжаттаманы жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің10беті

		Ұзаққа созылған немесе кең таралған өкпе зақымдануында дамиды. Механизм: гипоксия → өкпе артериясындағы қысымның жоғарылауы → жүректің оң жақ бөлімдерінің шамадан тыс жүктелуі. Деструктивті туберкулез формаларында өкпе паренхимасының айқын жоғалуымен қатар жүруі мүмкін.				
6	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Өкпеден тыс туберкулез. Диагностикасы, клиникасы және ажырату диагностикасы.	Өкпеден тыс туберкулездің негізгі орналасуы туралы жалпы түсінік. Жеке өкпедентсорналасулардың жиілігі мен арақатынасы. Өкпедентсорналасулардың патогенезі. Қауіпқатер топтары. Туберкулезді плевриттің, шеткері және мезентериалды лимфа түйіндерінің, сүйек-буын, жән есепп-жыныс жүйелерінің туберкулезінің диагностикасы, клиникасы және ажырату диагностикасы.	ОН1 ОН2 ОН3	5	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациялық есептерді шешу. Рентген-суреттерін интерпретациялау чек-парағы да.
	ОБӨЖ/БӨЖ: БӨЖ тапсырмасы: Өкпеден тыс туберкулездің рентгеносемиотикасы.	Рентгеносемиотика өкпе сыртындағы туберкулез. Өкпе сыртындағы туберкулез лимфа түйіндерін, сүйектерді, буындарды, бүйректерді, зәр шығару жолдарын және басқа мүшелерді зақымдайды. Рентгендік белгілері:	ОН1 ОН2	1/6	Презентациялар дайындау Тақырыптық науқастарды кураттау	Презентацияны дайындау және қорғау чек-парағы Чек-парақтар: төсектік жанында

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің11беті

		Лимфа түйіндері — ұлғаюы, кальцинаттардың болуы мүмкін; ыдырау кезінде контурлары анық болмауы мүмкін. Сүйектер мен буындар — деструкциялық ошақтар, остеопороз, буындардың деформациясы. Бүйректер мен зәр шығару жолдары — контурлардың деформациясы, кальцинаттар, өтпелердің тарылуы. Басқа мүшелер — инфильтрациялық ошақтар, кальцинаттар, ыдырау кезінде қуыстардың түзілуі. Негізгі идея: өкпе сыртындағы туберкулезде рентгенде мүшелердің зақымдану ошақтары анықталып, инфильтрация, деструкция немесе кальцинация белгілері көрінеді.			Медицинал ық құжаттамаме н жұмыс	практикал ық дағдылард ы бағалау Медицинал ық құжаттама ны жүргізу бойынша практикал ық дағдылард ы бағалау
7	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Тыныс алу органдарының туберкулезі басқа аурулармен, соның ішінде COVID-19-пен қосарлануы.	Емдік тактиканың ерекшеліктері. Басқа аурулармен бірге оның ішінде Covid – 19-бен қант диабеті, асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы, өкпенің спецификалық емес аурулары, алкоголизм, ВИЧ-инфекциясы және ЖИТС нашақорлық үйлескен тыныс алу органдары	ОН1 ОН2	4	Сабақ тақырыбын талқылау. Ұсынылған рентген-суреттерімен жұмыс жасау да.	Бағалау чек-парағы: – ауызша сұрауды бағалау, – тест тапсырмаларын орындау, – ситуациял ық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің12беті

		туберкулезінің патогенетикалық өзара байланысы. Диагностика әдістері. Ағымының, клиникалық көріністердің және емдеудің ерекшеліктері.				есептерді шешу. Рентген-суреттерін интерпретациялау чек-парағы да.
ОБӨЖ/БӨЖ: БӨЖ тапсырмасы: Туберкулез және Covid – 19	Инфекциялардың үйлесімі: COVID-19 және туберкулез бір уақытта өтуі мүмкін, бұл аурудың ауырлығын күшейтеді. Симптомдар: жөтел, еңтігу, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік; үйлескен жағдайда — тыныс жетіспеушілігі айқын көрінеді. Диагностика: екі инфекцияны ескеру қажет; өкпенің рентген/КТ, COVID-19 үшін ПТР, туберкулезге тесттер. Тәуекелдер: туберкулездің өршуі, COVID-19-дың ауыр өтуі, әлсіз пациенттерде өлім қаупінің жоғарылауы. Емдеу және шаралар: кешенді терапия, оқшаулау талаптарын сақтау, вакцинация, өкпе жағдайын қатаң бақылау.	ОН1 ОН2	2/6	Тақырыптық науқастарды кураттау Медициналық құжаттамамен жұмыс RBL Аралық бақылауға арналған тест тапсырмаларын шешу	Чек-парақтар: — Төсек жанында практикалық дағдыларды бағалау — Медициналық құжаттама ны жүргізу бойынша практикалық дағдыларды бағалау RBL чек-парағы — ғылыми мақалаларды талдау Тесттілеу	
Аралық бақылау-2		ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5				

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің13беті

	<i>Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу: 9с.</i>	
9.	Оқыту және бағалау әдістері	
9.1	Дәріс	Дәрістер қарастырылмаған
9.2	Тәжірибелік сабақ	Ауызша сұрақ-жауап, жағдайлық тапсырмаларды шешу, берілген рентген суреттерімен жұмыс, тәжірибелік дағдыларды меңгеру және Тәжірибелік практикалық дағдылар кабинетіндегі симуляциялық жаттығулар арқылы оқыту, тестілеу.
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Презентацияны дайындау, ОЦФ негізінде науқастарды кураптау, медициналық құжаттамамен жұмыс RBL – ғылыми мақалаларды талдау.
9.4	Аралық бақылау -1,2	Тестілеу

10.	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Туберкулездің қауіп факторлары мен эпидемиологиялық анамнезін ескере отырып, шағымдар мен анамнезді жинайды; өкпе туберкулезіне және өкпеден тыс туберкулез түрлеріне күдік болған пациенттерге физикальды тексеру жүргізеді; туберкулез инфекциясына тән клиникалық симптомдар мен синдромдарды талдайды; жетекші клиникалық синдромды анықтап, синдромға ұқсас аурулар шеңберін белгілейді; туберкулез және туберкулезге ұқсас жағдайлардың негізделген алдын ала	Анамнезді жинай алмайды, физикальды тексеруді дұрыс жүргізбейді. Клиникалық симптомдарды және синдромдарды талдай алмайды, жетекші синдромды анықтай алмайды. Алдын ала диагнозды дұрыс тұжырымдамайды.	Анамнезді жинау мен физикальды тексеруде қателіктер кездеседі немесе тәлімгердің көмегі қажет. Клиникалық симптомдарды және синдромдарды талдауы шектеулі, жетекші синдромды дәл анықтай алмайды. Алдын ала диагноз толық немесе нақты емес.	Анамнезді жинау және физикальды тексеру стандарттарға сәйкес жүргізіледі, бірақ кейбір аспектілері толық қамтылмаған болуы мүмкін. Клиникалық симптомдар мен синдромдарды талдай алады, жетекші синдромды анықтайды, бірақ кейде қосымша ауруларды толық қамту жетіспеуі мүмкін. Алдын ала диагноз	Туберкулездің қауіп факторлары мен эпидемиологиялық анамнезін толық және жүйелі түрде жинайды. Өкпе туберкулезі және өкпеден тыс түрлеріне күдік болған пациенттерге физикальды тексеруді дұрыс және толық жүргізеді. Клиникалық симптомдар мен синдромдар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің14беті

	диагнозын қалыптастырады.			негізінен дұрыс тұжырымдалады.	ды терең талдап, жетекші синдромды дәл анықтайды, синдромға ұқсас аурулар шеңберін дұрыс белгілейді. Алдын ала диагнозды негізді және дәлелді түрде тұжырымдайды.
ОН2	Туберкулезге күдік болған жағдайда диагностикалық тексеру жоспарын құрып, оның нәтижелерін интерпретациялайды, дифференциалды диагностика жүргізеді және дәлелді медицина қағидаттарына негізделе отырып клиникалық диагнозды тұжырымдайды.	Туберкулезге күдік болған жағдайда диагностикалық тексеру жоспарын құра алмайды. Зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретацияламайды, дифференциалды диагностика жүргізбейді. Клиникалық диагнозды дәлелді медицина қағидаттарына сүйене отырып тұжырымдай алмайды.	Диагностикалық тексерудің жалпы жоспарын біледі, бірақ оны құруда және нәтижелерді интерпретациялауда қателіктер жібереді немесе жетекшінің көмегін қажет етеді. Дифференциалды диагностика шектеулі көлемде жүргізіледі. Клиникалық диагноз толық емес немесе жеткіліксіз негізделген.	Диагностикалық тексеру жоспарын стандарттарға сәйкес құрады, зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялайды. Дифференциалды диагностиканы жүргізеді, алайда кейбір диагноздарды негіздеуде толықтық жеткіліксіз болуы мүмкін. Клиникалық диагнозды негізінен дұрыс және дәлелді түрде тұжырымдайды.	Туберкулезге күдік болған жағдайда диагностикалық тексеру жоспарын клиникалық ұсынымдармен дәлелді медицина қағидаттарына толық сәйкес құрады. Зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелерін жан-жақты және дәл интерпретациялайды, туберкулезді басқа

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің15беті

					аурулардан айқын ажырата отырып, толық әрі негізделген дифференциалды диагностика жүргізеді. Клиникалық диагнозды логикалық, дәлелді және уақтылы тұжырымдайды.
ОНЗ	Туберкулезді емдеуді жоспарлайды және жүргізеді, клиникалық хаттамаларға сәйкес ем тиімділігін мониторингтеуді, емді түзетуді және пациентті бағыттауды (маршрутизацияны) жүзеге асырады.	Туберкулезді емдеуді клиникалық хаттамаларға сәйкес жоспарламайды және жүргізбейді. Ем тиімділігін мониторингтемейді, емді түзетпейді немесе қате түзетеді. Пациентті медициналық көмектің тиісті деңгейіне бағыттауды ұйымдастырмайды	Туберкулезді емдеудің негізгі қағидаттарын біледі, алайда емді жоспарлау мен жүргізуде қателіктер жібереді немесе тәлімгердің көмегін қажет етеді. Ем тиімділігін мониторингтеу жүйесіз жүргізіледі, емді түзету уақтылы емес. Пациентті бағыттау ішінара немесе кешіктіріліп орындалады.	Туберкулезді емдеуді қолданыстағы клиникалық хаттамаларға сәйкес жоспарлайды және жүргізеді. Ем тиімділігін мониторингтейді, бірақ деректерді талдауда немесе емді түзетуде ұсақ дәлсіздіктер болуы мүмкін. Пациентті бағыттауды жүзеге асырады, алайда ұйымдастыруда кейбір кемшіліктер кездеседі.	Туберкулезді емдеуді клиникалық хаттамалармен дәлелді медицина қағидаттарына толық сәйкес жоспарлайды және жүргізеді. Ем тиімділігін жүйелі түрде мониторингтемейді, клиникалық және зертханалық көрсеткіштерді дұрыс талдайды, асқынулармен жанама әсерлерді ескеріп, емді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің16беті

					уақтылы және негізделген түрде түзетеді. Пациентті медициналық көмектің деңгейлері арасында тиімді бағыттауды (маршрутизацияны) дер кезінде және үйлесімді ұйымдастырады.
ОН4	Туберкулезбен және туберкулезге ұқсас аурулары бар пациенттерде дамитын жедел және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда (қан түкіру, өкпеден қан кету, жедел тыныс жеткіліксіздігі, интоксикациялық синдром және т.б.), соның ішінде ресурстар шектеулі жағдайларда, шұғыл медициналық көмек көрсетеді; эпидемияға қарсы іс-шараларды қамтамасыз етеді және пациентті мамандандырылған фтизиатриялық мекемелерге уақтылы госпитализациялау мен бағыттауды ұйымдастырады.	Жедел және өмірге қауіп төндіретін жағдайларды уақтылы анықтай алмайды, шұғыл медициналық көмекті дұрыс көрсетпейді. Ресурстар шектеулі жағдайда клиникалық шешім қабылдай алмайды. Эпидемияға қарсы іс-шараларды қамтамасыз етпейді, пациентті мамандандырылған фтизиатриялық мекемелерге	Жедел жағдайларды анықтауда және шұғыл медициналық көмек көрсетуде жалпы түсінігі бар, алайда клиникалық әрекеттерінде қателіктер жібереді немесе тәлімгердің көмегін қажет етеді. Ресурстар шектеулі жағдайда сенімсіздік байқалады. Эпидемияға қарсы іс-шаралар мен госпитализацияны ұйымдастыру	Жедел және өмірге қауіп төндіретін жағдайларды анықтайды және негізгі шұғыл медициналық көмекті дұрыс көрсетеді. Ресурстар шектеулі жағдайда шешім қабылдауда аздаған кідірістер немесе дәлсіздіктер болуы мүмкін. Эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізеді және пациентті мамандандырылған мекемеге уақтылы	Туберкулезбен және туберкулезге ұқсас аурулары бар пациенттерде дамитын жедел және өмірге қауіп төндіретін жағдайларды (қан түкіру, өкпеден қан кету, жедел тыныс жеткіліксіздігі, интоксикациялық синдром және т.б.) дер кезінде және дұрыс анықтайды. Ресурстар шектеулі жағдайларда да клиникалық хаттамаларға

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің17беті

		уақтылы госпитализация лау мен бағыттауды ұйымдастырмайды.	ішінара немесе кешіктіріліп орындалады.	бағыттайды, бірақ ұйымдастырудан ұсақ кемшіліктер кездеседі.	сәйкес тиімді шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Эпидемияға қарсы іс-шараларды толық көлемде ұйымдастырады, пациентті мамандандырылған фтизиатриялық мекемелерге уақтылы госпитализациялау мен бағыттауды нақты және үйлесімді жүзеге асырады.
ОН5	Туберкулезбен ауыратын пациенттермен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен, тиімді және пациентке бағдарланған өзара әрекеттеседі; сенімді қарым-қатынас қалыптастырып, емге бейімділікті және салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырады.	Пациенттермен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен, тиімді қарым-қатынас орната алмайды. Пациентке бағдарланған тәсілді, этикалық және эмпатиялық қағидаттарды сақтамайды; сенімді қарым-қатынас қалыптастырмайды және емге бейімділік пен салауатты өмір салтын	Пациенттермен қарым-қатынаста жалпы этикалық нормаларды сақтайды, алайда пациентке бағдарланған тәсіл жеткіліксіз көрінеді. Сенімді қарым-қатынас ішінара қалыптасады, емге бейімділік пен салауатты өмір салтын ынталандыруда тұрақсыздық байқалады.	Пациенттермен, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен, негізінен пациентке бағдарланған қарым-қатынас жасайды. Сенімді қарым-қатынас орнатады, емге бейімділікті және салауатты өмір салтын қолдайды, бірақ мотивациялау тәсілдері жеткілікті	Туберкулезбен ауыратын пациенттермен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен, тиімді және толықтай пациентке бағдарланған қарым-қатынас орнатады. Сенімді, этикалық және эмпатиялық өзара әрекеттесу арқылы

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің18беті

		ынталандырмайды.		деңгейде терең емес.	пациенттің қажеттіліктерін ескереді, емге жоғары бейімділікті қалыптастырады және салауатты өмір салтын ұстануға белсенді түрде ынталандырады.
ОН6	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау шараларын жүзеге асырады, инклюзивті денсаулық сақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік мәселелерін қамти отырып, санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді.	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау шараларын жүзеге асырмайды немесе талаптарға сай орындамайды. Инклюзивті денсаулық сақтау және медициналық көмекке тең қолжетімділік қағидаттарын елемейді. Санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізбейді немесе ақпаратты дұрыс жеткізе алмайды.	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау бойынша жалпы түсінігі бар, іс-шараларды орындауда жүйелілік жеткіліксіз. Инклюзивті денсаулық сақтау мен тең қолжетімділік қағидаттарын ішінара ғана қолданады. Санитарлық-ағарту жұмыстарына пассивті қатысады немесе мұғалімнің/тәлімгердің көмегін қажет етеді.	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау шараларын стандарттарға сәйкес орындайды; инклюзивті денсаулық сақтау және тең қолжетімділік қағидаттарын ескереді. Санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді, ақпаратты түсінікті жеткізеді, бірақ әдістері мен қамту ауқымы шектеулі болуы мүмкін.	Туберкулездің алдын алу және ерте анықтау шараларын толық әрі жүйелі түрде жүзеге асырады; қауіп топтарымен мақсатты жұмыс жүргізеді. Инклюзивті денсаулық сақтау қағидаттарына сақтай отырып, медициналық көмекке тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Санитарлық-ағарту жұмыстарын әртүрлі аудиторияла

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің19беті

					рға бейімдеп, тиімді коммуникация әдістерін қолдана отырып, белсенді және нәтижелі жүргізеді.
ОН7	Туберкулезбен ауыратын пациенттердің медициналық (оның ішінде электрондық) құжаттамасын жүргізеді, цифрлық технологияларды қолданады; аналитикалық тәсілді пайдалана отырып, клиникалық талқылауларға және пәнаралық консилиумдарға қатысады	Медициналық (соның ішінде электрондық) құжаттаманы талаптарға сай жүргізбейді, цифрлық технологияларды қолданбайды немесе қателіктер жібереді. Клиникалық талқылаулар мен пәнаралық консилиумдарға қатыспайды немесе клиникалық жағдайды талдай алмайды, аналитикалық тәсілді қолданбайды.	Медициналық құжаттаманы жүргізу бойынша жалпы дағдылары бар, бірақ құжаттарды толтыруда қателіктер жібереді немесе бақылауды қажет етеді; цифрлық технологияларды шектеулі деңгейде қолданады. Клиникалық талқылаулар мен консилиумдарға пассивті қатысады, аналитикалық талдауы жеткіліксіз.	Пациенттердің медициналық (оның ішінде электрондық) құжаттамасын талаптарға сай жүргізеді, цифрлық технологияларды қолданады, кейбір ұсақ қателіктер болуы мүмкін. Клиникалық талқылаулар мен пәнаралық консилиумдарға қатысады, клиникалық жағдайды талдай алады, ұсыныстары жеткілікті деңгейде негізделген.	Туберкулезбен ауыратын пациенттердің медициналық құжаттамасын (қағаз және электрондық форматта) толық, дәл және уақтылы жүргізеді; электрондық денсаулық сақтау жүйелерін және цифрлық технологияларды еркін қолданады. Клиникалық деректерді терең талдап, аналитикалық тәсілді пайдалана отырып, клиникалық талқылаулар мен

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің20беті

					пәнаралық консилиумд арда белсенді қатысады, негізделген ұсыныстар береді.
ОН8	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді, нормативтік-құқықтық құжаттарды және медициналық көмектің әртүрлі деңгейлерінде фтизиатр дәрігерінің жұмыс қағидаттарын біледі; дәлелді медицинаны қолданады және командасының кәсіби дамуына қатысады.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, нормативтік-құқықтық құжаттарды және фтизиатр дәрігерінің жұмыс қағидаттарын білмейді немесе дұрыс қолданбайды. Дәлелді медицинаны пайдаланбайды, клиникалық шешімдерін негіздей алмайды. Командалық жұмысқа және кәсіби дамуға қатыспайды.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңбері туралы жалпы түсінігі бар, нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдануда қателіктер жібереді немесе мұғалімнің/тәлімгердің көмегін қажет етеді. Дәлелді медицинаны шектеулі деңгейде қолданады. Команданың кәсіби дамуына пассивті түрде қатысады.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды және фтизиатр дәрігерінің жұмыс қағидаттарын біледі. Көп жағдайда дәлелді медицинаны қолданады, клиникалық шешімдерін негіздей алады. Командалық жұмысқа қатысады және кәсіби дамуға ұмтылады.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберін толық және терең біледі; фтизиатр дәрігерінің медициналық көмектің барлық деңгейлеріндегі жұмыс қағидаттарын, негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды еркін қолданады. Клиникалық шешім қабылдауда дәлелді медицинаны жүйелі түрде пайдаланады, ғылыми деректерді талдайды және

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің21беті

					негіздейді. Команданың кәсіби дамуына белсенді қатысады, тәжірибесім ен бөліседі, бастама көтереді.
--	--	--	--	--	---

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері		
Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы		
Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийі
Сабақтың тақырыбын талқылау: ауызша сауалнама	Өте жақсы Бағалауға сәйкес келеді	Білім алушы бірде-бір қате не дәлсіздік жіберген жоқ. Оқытылатын пәннің теориялары, тұжырымдамалары мен бағыттарын терең меңгерген. Материалға дәлелді, сыни баға береді. Қатысты ғылым салаларындағы ғылыми жетістіктерді орынды әрі шебер қолданады. Тест тапсырмаларын 95–100% деңгейінде орындады.
	A (4,0; 95-100%);	
	A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауапта мән-мағынаны бұзбайтын ұсақ дәлсіздіктер жіберсе. Пәннің негізгі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінеді. Сын тұрғысынан талдау элементтерін келтіре алады. Басқа пәндердің материалдарын пайдаланады, бірақ әрдайым жүйелі емес. Тест тапсырмаларын 90–94% аралығында орындаған.
	Жақсы Бағалауға сәйкес келеді: B+ (3,33; 85-89%);	Білім алушы пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінетінін көрсетеді, жауап жалпы дұрыс ұсақ дәлсіздіктер бар. Мысалдарға сүйене отырып талдау жүргізе алады. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланады бірақ әрдайым терең емес. Тест тапсырмаларын 85–89% аралығында орындаған.
	B (3,0; 80-84%)	Білім алушы материалды жалпы түсінеді. Жауапта жалпы мән-мағынаны бұзбайтын жеке қателіктер немесе жеңілдетулер бар. Материалды жүйелеу үшін оқытушы көмек көрсетуі қажет. Тест тапсырмаларын 80–84% аралығында орындаған.
	B- (2,67; 75-79%)	

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы			70/11
Силлабус			46беттің22беті

	C+ (2,33; 70-74%)	Көрнекі қателіктерге жол беріледі, білім алушы оларды нақтылау сұрақтары арқылы жартылай түзете алады. Тақырып бойынша білім терең емес, бірақ негізгі ұғымдар меңгерілген. Материалды түсіну үшін оқытушының белсенді көмегі қажет. Тест тапсырмаларын 75–79% аралығында орындаған. Оғаш қателіктер жоқ, бірақ маңызды емес дәлсіздіктер немесе білім алушының өзі түзеткен маңызды қателіктері бар. Материалды жүйелеу тек оқытушының белсенді көмегі керек болуы мүмкін. Жауап тақырыптың мазмұнын жартылай көрсетеді. Тест тапсырмаларын 70–74% аралығында орындаған.
	Қанағаттанарлық Бағалауға сәйкес келеді: C (2,0; 65-69%)	Білім алушы жауап беру кезінде қателіктер жіберсе және түбегейлі қателіктер жібермесе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға тап болса қойылады. Тест тапсырмаларын 65-69 % орындайды.
	C- (1,67; 60-64%)	Білім алушы жауапта айқын қателіктер жіберсе және материалға беткей түсіндірме берсе. Тек оқулықтағы негізгі ұғымдар қолданылып, олардың арасындағы байланыстар түсініксіз болса. Материалды жүйелеу оқытушының белсенді көмегінсіз мүмкін емес. Тест тапсырмаларын 60–64% деңгейінде орындайды.
	D+ (1,0; 50-54%)	Жауап фрагментті, көптеген қателіктер мен жеңілдетулер бар. Материалдың тек жеке элементтері ғана қолданылып, оларды талдау мен жинақтау жүргізілмеген. Білім алушы теориялық мазмұнмен жұмыс істеуде айтарлықтай қиындықтарға тап болған. Тест тапсырмаларын 50–54% деңгейінде орындайды.
	Қанағаттанарлықсыз Бағалауға сәйкес келеді: FX (0,5; 25-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса; пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берсе қойылады. Тест тапсырмаларын 25-49 % орындайды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы			70/11
Силлабус			46беттің23беті

	F (0; 0-24 %)	Жауап сабақ тақырыбына сәйкес келмейді, көптеген маңызды қателіктер бар. Тақырып бойынша білім мүлдем жоқ. Ғылыми терминология қолданылмайды және оқу материалының құрылымын түсіну байқалмайды. Тест тапсырмалары 0–24% деңгейінде орындалған немесе мүлде жоқ.
Жағдайлық тапсырмаларды шешуге арналған чек парағы		
Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийі
Жағдайлық тапсырмаларды шешу	Өте жақсы Бағалауға сәйкес келеді A (4,0; 95-100%);	Білім алушы клиникалық тұрғыдан терең дәлелденген тапсырманы шешеді. Негізгі және қосымша зерттеу әдістерін, дифференциалды диагностика мен диагнозды (этиологиясы мен патогенезін негіздеп) толық әрі жүйелі сипаттайды. Аурудың табиғатын терең түсінуден туындайтын тиімді емдеу жоспарын құрады. Аурудың болжамын дұрыс анықтайды. Көрнекті клиникалық ойлау қабілетіне ие, бастамашылдық танытады. Тест тапсырмаларын 95–100% деңгейінде орындаған.
	A- (3,67; 90-94%)	Тапсырма дұрыс және негізді шешілген, бірақ жалпы нәтижеге әсер етпейтін ұсақ жеңілдетулер немесе кемшіліктер болуы мүмкін. Зерттеу, диагностика және емдеу әдістері дұрыс сипатталған, алайда олардың кейбірі жеткіліксіз терең ашылған. Диагноз дұрыс қойылған, негіздеме ішінара толық емес болуы мүмкін. Емдеу жоспары негізінен рационалды, бірақ балама немесе қосымша шаралар көрсетілмеген. Клиникалық ойлау қалыптасқанын көрсетеді, бірақ әрдайым бастамашылдық танытпайды. Тест тапсырмаларын 90–94% деңгейінде орындаған.
	Жақсы Бағалауға сәйкес келеді: B+ (3,33; 85-89%);	Білім алушы негізгі және қосымша зерттеу әдістерін жеткілікті егжей-тегжейлі сипаттады. Негізгі ерекшеліктерді түсіне отырып, дифференциалды диагностика жүргізді. Диагноз анамнез және зерттеу мәліметтеріне негізделіп қойылған. Емдеу жоспары этиология мен патогенезге сүйеніп жасалған, алайда балама тәсілдер ескерілмеуі мүмкін. Болжам дұрыс анықталған. Жақсы клиникалық ойлау және логикалық жауап құрылымын көрсетеді. Жауап негізінен құрылымды, медициналық терминологияны пайдаланады. Тест тапсырмаларын 85–89% деңгейінде орындаған.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы		70/11
Силлабус		46беттің24беті

	B (3,0; 80-84%)	Тапсырманы шешу негізінен дұрыс, бірақ кейбір жеңілдетулер бар. Зерттеу және диагностика әдістері көрсетілген, алайда бәрі де негізделмеген. Диагноз оқытушының түзетулерімен қойылған. Емдеу жоспары қолайлы, бірақ патогенезді толық көрсетпейді. Болжам болжамды сипатта, нақты негіздемесі жоқ. Клиникалық ойлау дамыған, бірақ өздігінен сирек көрініс табады. Тест тапсырмаларын 80–84% деңгейінде орындаған
	B- (2,67; 75-79%)	Негізгі зерттеу әдістері көрсетілген, бірақ жеткілікті егжей-тегжейлі емес. Диагноз қойылған, бірақ толықтырылып нақтылауды қажет етеді. Емдеу жоспары жалпы сипатта, патогенезбен әрдайым байланыспауы мүмкін. Болжам анық емес немесе мүлде жоқ. Клиникалық ойлау шектеулі, оқытушы көмегін қажет етеді. Жауап үзік-үзік немесе толық емес, кей жерлерде логика бұзылған. Тест тапсырмаларын 75–79% деңгейінде орындаған.
	C+ (2,33; 70-74%)	Зерттеу әдістері толық көрсетілмеген, кейбірі қате немесе тапсырмаға сәйкес емес. Дифференциалды диагностика шектеулі, нақты дәлелдемелер жоқ. Диагноз қателіктермен қойылған немесе негізсіз. Емдеу жоспары беткей сипатта, ауру механизмдерін көрсетпейді. Болжам нақты емес немесе мүлде берілмеген. Клиникалық ойлау әлсіз көрінеді, жауап айтарлықтай толықтыруды қажет етеді. Тест тапсырмаларын 70–74% деңгейінде орындаған.
	Қанағаттанарлық Бағалауға сәйкес келеді: C (2,0; 65-69%)	Тек негізгі зерттеу әдістері сипатталған, қосымша әдістер жоқ. Дифференциалды диагностика ішінара дұрыс, бірақ дәлсіздіктер бар. Диагноз қойылған, бірақ негіздемесі беткей немесе толық емес. Емдеу жоспары оқытушының көмегімен ғана жасалған, этиология мен патогенезді толық түсінбеуге негізделген. Болжам жалпы сипатталған, нақты клиникалық негіздемесі жоқ. Клиникалық ойлау әлсіз дамыған, ойлауда логикалық қиындықтар байқалады. Тест тапсырмаларын 65–69% деңгейінде орындаған.
	C- (1,67; 60-64%)	Зерттеу әдістері тандап аталған, олардың кейбірі клиникалық жағдайға сәйкес келмейді. Дифференциалды диагностика үзік-үзік, қате немесе сенімсіз. Диагноз негізделмеген немесе ішінара қате. Емдеу жоспары беткей сипатта, тек оқытушының белсенді көмегімен жасалған.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы			70/11
Силлабус			46беттің25беті

	Д+ (1,33; 55-59%)	Этиология мен патогенез туралы қолданылған мәліметтер дәлсіз немесе формальды. Болжам анық емес, клиникалық ойлау әлсіз қалыптасқан. Тест тапсырмаларын 60–64% деңгейінде орындаған.
		Тек бірнеше дұрыс зерттеу әдістері көрсетілген, таңдаудың логикасы түсіндірілмеген. Дифференциалды диагностика мен диагноз дұрыс емес немесе мүлде жоқ. Емдеу жоспары қате немесе толық емес, оқытушының тұрақты нұсқауын талап етеді. Этиология мен патогенезді қате немесе беткей түсіну байқалады. Болжам қалыптаспаған. Клиникалық ойлау іс жүзінде жоққа тән. Тест тапсырмаларын 55–59% деңгейінде орындаған.
		Зерттеу әдістері қателіктермен немесе тақырыпқа сай келмей аталған. Дифференциалды диагностика мен диагноз клиникалық жағдайға сәйкес емес. Емдеу жоспары қате немесе мүлде жоқ. Этиология мен патогенезді түсіну жоқ. Болжам анықталмаған. Жауап ретсіз, логикаға сай емес, клиникалық ойлау байқалмайды. Тест тапсырмаларын 50–54% деңгейінде орындаған.
	Қанағаттанарлықсыз Бағалауға сәйкес келеді: FX (0,5; 25-49%)	Емдеу жоспары маңызды бұзушылықтарды қамтуы мүмкін, қолайсыз немесе зиянды препараттар енгізілген. Этиология мен патогенез туралы білім беткей, жауапты логикалық тұрғыда құруға мүмкіндік бермейді. Болжам қалыптаспаған немесе дұрыс емес. Клиникалық ойлау көрінбейді, жауаптың логикасы әлсіз немесе қарама-қайшы. Тест тапсырмаларын 25–49% деңгейінде орындаған.
	F (0; 0-24 %)	Тапсырманы шешуі өте қате немесе мүлде жоқ. Негізгі зерттеу әдістері дұрыс аталған жоқ, қосымша әдістер мүлде айтылмаған. Диагноз пен дифференциалды диагностика жоқ немесе толық қате. Болжанған диагнозға қарсы көрсетілген ем тағайындалған, бұл клиникалық жағдайды түсінбеуді көрсетеді. Этиология мен патогенез туралы білім жоқ. Болжам анықталмаған, клиникалық қорытындылар жасалмаған. Клиникалық ойлау мүлде жоқ, жауап ретсіз, медициналық логикадан ада. Тест тапсырмаларын 0–24% деңгейінде орындаған.

Рентген суреттерін интерпретациялау чек парағы

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		
